

№ 1322 болып тіркелген "Жүргізуші куәлігінің және көлік құралдарын тіркеу туралы құжаттың жаңа үлгілерін енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 27 қарашадағы № 644 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 8 қыркүйектегі № 521 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 27 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу № 3099. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 874 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 08.12.2014 № 874 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 сәуірдегі № 431 қаулысына с ә й к е с б ұ й ы р а м ы н :

1. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 1322 болып тіркелген "Жүргізуші куәлігінің және көлік құралдарын тіркеу туралы құжаттың жаңа үлгілерін енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 27 қарашадағы № 644 бұйрығына мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Көлік құралдарын жүргізу құқығы куәліктерін және көлік құралдарын тіркеу туралы құжаттарды дайындау, беру және есебін жүргізу процесін автоматтандыру, сондай-ақ оларды қолдан жасаудан қорғауды күшейту ма қ с а т ы н д а " .

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы департаментіне (Ө.Т.Түсімов) жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастан күшіне енеді.

Министр